Only in 2000 there has been a considerable changing, a favorable period began for the economy of Kazakhstan. High world oil prices ensured significant GDP growth. From 2000 to 2007, GDP growth averaged about 10 percent.

As a result of the application of a correct monetary course, taking into account the favorable external environment, significant results were achieved in the economic recovery of the country.

From 2000 till 2006 situation on domestic market of the country looked like described bellow.

- Inflation rate was 6.4-8.4 percent;
- Strengthening of the tenge – 156 tenge per 1 US dollar in 2002 to 127 tenge per 1 US dollar in 2006;
- Favorable market condition and macroeconomic stabilization in the country;
- Economic growth, average annual growth rate of GDP estimated 10.3 percent.

In comparison with previous period of monetary policy period between 2000-2006 National Bank of the RK used softer monetary policy. There were used next instruments of monetary policy by the Central bank.

- Official rate of refinancing was 18 percent and in 2006 it decreased to 7 percent;
- Standards of reserve requirements were 10 percent and 7 percent in 2006;
- Open-market operations such as repo, investments, state securities increased;

– Deposits of the second-tier banks in National bank of the RK were opened on 2-4.5 percent.

Following the use of considered monetary policy instruments, the required goals were achieved and the results were obtained.

In considered period, there were important goals of the Central bank for. Firstly, there was goal to manage the liquidity on the market. It was relevant to maintaining the exchange rate of the country. It is noted that, here was goal to restraint inflation. In this period, the Central bank temporarily stopped lending overnight and overdraft and stopped the direct repo transactions. The credit activity of second-tier banks was limited by the National bank.

The next period of monetary policy of the country recognized period between 2007-2013. The period is characterized by a downturn in the economy, a slowdown in growth and an increase in the rate of growth of inflation against the backdrop of the financial crisis, as well as a worsening of the situation in the international and domestic markets.

– Inflation rate was 18.8 percent in 2007;
– Rate of the tenge was 150 and plus/minus 3 tenge per 1 US dollar in 2009;

– Fall in prices for export goods and decrease of incomes of citizens and companies;

– Economic slowdown, average annual growth rate of GDP decreased to 1.2 percent in 2009.

– During this period, despite rising inflation, the NBRK pursued a policy of cheap money in order to maintain market liquidity and availability of funds for economic entities by using instruments of monetary policy.

– Official rate of refinancing was 11 percent, it decreased to 5.5 percent;

– Standards of reserve requirements were 2.5 percent;

– Open-market operations such as repo, investments, state securities increased;

– Devaluation of tenge to preserve the country's foreign exchange reserves.

All listed above instruments of monetary policy were used for providing liquidity, for exchange rate stability, for financial stability, reducing inflation and maintaining economic growth rates.

Since 2014, the cheap money policy has been changed in terms of raising interest rates, and as a result, there was rise in credit resources. Another significant fact was the change in the monetary policy regime from targeting the exchange rate to inflation targeting. In this period was made the devaluation of national currency. The exchange rate began to form more market-driven by supply and demand with the minimum pos-

sible participation of the central bank in operations in the open foreign exchange market.

The main tool for carrying out monetary policy to maintain the planned level of inflation is the manipulation of the interest rate (refinancing rate), which increases deposit rates in private banks and increases the attractiveness of saving money rather than spending. Lowering the discount rate lowers deposit rates in private banks and reduces the attractiveness of saving money.

In addition, the increase in the discount rate increases the level of interest rates in banks and reduces the interest rates on lending. Thus, lower interest rates increase inflation. Raising the discount rate reduces inflation [4].

In practice, monetary targeting means that the national bank supports the specified parameters of change in the monetary aggregate.

This strategy is based on two prerequisites:

- if there is a stable relationship between money and the price level, then price stabilization can be achieved by limiting the monetary aggregate;

- the amount of money should be controlled by monetary policy on a limited time horizon.

With direct control of inflation, the strategy of the Central Bank focuses directly on the dynamics of inflation. The policy of the National Bank in this case is reduced to a more or less mechanical reaction to the deviations of the predicted values of inflation from the given values at a certain time horizon.

The NBK follows the policy of inflation targeting in order to gradually reduce inflation. In the “Forecast of the socio-economic development of Kazakhstan for 2015-2019” it has been established:

“The National Bank of the Republic of Kazakhstan will continue to conduct monetary policy, the main goal of which is to ensure price stability, which implies keeping annual inflation in the range of 6%. As part of this work, measures will be taken to improve the interest rate channel and gradually reduce the role of the currency channel. In order to effectively address the challenges facing the Government and the National Bank, a set of measures will be developed aimed at reducing inflation to 3-4% in the medium term.”

In 2017, the monetary policy was conducted in accordance with the principles of inflation targeting. The measures of the National Bank, including the interest rate policy, were aimed at achieving inflation targets, which for 2017 were defined within the boundaries of the target corridor of 6-8%.

As a result of the moderately tight monetary policy of the National Bank in 2016 and the first half of 2017, as well as under the influence of favorable external and internal conditions, inflation was slowing down.

The stable situation in the commodity markets, the weakening of external inflationary pressure, the strengthening of the exchange rate in the first half of the year contributed to the downward trajectory of inflation. The decrease in the inflationary background was also due to the cumulative effect of the negative dynamics of real money incomes of the population, moderate growth rates of regulated services. The recovery in economic growth and consumer demand did not exert inflationary pressure. When making decisions in the field of monetary policy, along with the level of actual inflation, the National Bank also took into account its forecast indicators, inflation expectations, and emerging trends in the markets.

The exchange rate of tenge served as an automatic stabilizer and was formed with minimal interference from the National Bank. An increase in devaluation expectations led to an excess demand for foreign currency and, as a consequence, an increase in volatility and a tendency to weaken tenge. In order to stabilize the situation in the foreign exchange market and to meet the arising demand, the National Bank conducted interventions. The interventions of the National Bank were aimed solely at smoothing short-term and speculative fluctuations unrelated to the influence of fundamental factors.




Figure 1 – Refinancing rate of the Central bank 1992-2018

Note – Compiled by the author, source www.nationalbank.kz [5]

Taking into account the assessment of influencing factors and inflation forecasts and the main macroeconomic parameters in the medium term, the decisions taken by the National Bank were aimed at gradually easing the monetary conditions. During 2017, the base rate level was

gradually reduced from 12% to 10.25%. The gradual easing of monetary policy ensured the stability of the financial market.

From figure 1 we could mention that refinancing rate of the Central bank peaked in 1993 at over 300% and from about 1998 the indicator stabilized at the level of 10-12%.

To limit the possible implementation of inflation risks, the National Bank conducted operations to tie excess liquidity, mainly by issuing short-term notes. In addition, in the framework of absorbing excess liquidity, constant access tools were also used – 1 and 7-day deposits of the National Bank and direct repo operations for a period of 1 day on the Kazakhstan Stock Exchange [6].

The main objective of the National Bank is to ensure price stability in the Republic of Kazakhstan. Price stability means achieving and maintaining a low level of inflation. Low inflation helps to maintain the purchasing power of the population, reduce economic uncertainty, contributes to the growth of long-term investment in production and best contributes to economic growth and improve the well-being of the population. In 2016-2017, the target target of the National Bank was the annual inflation corridor of 6-8 percent. Starting in 2018, the targets are reduced as part of the strategy for achieving the medium-term inflation target.

Targets of inflation is set at the following level:

- 5-7 percent at the end of 2018,
- 4-6 percent at the end of 2019,
- Lower, but close to 4 percent at the end of 2020 and subsequent years.




Figure 2 – National currency rate USD/KZT, 1993-2018 [2]

Note – Compiled by the author, source www.nationalbank.kz [5]

Conclusion. It has to be noted that, in general, monetary policy pursued since 1993 can be described as quite flexible and corresponding to the conjuncture of international and domestic markets. However, in some cases, the rigidity and sharpness of the policy leads to a deterioration in the economic condition of the population, enterprises and financial organizations. The measures taken by the central bank in most cases can only smooth out the instability of the money market.

The main objective of the National Bank was changed by the requirements of time and economy, the last direction of monetary policy is inflation targeting. The transition to inflation targeting allows not only to reduce inflation and maintain it within the target, but also to reduce the volatility of other key macroeconomic parameters. At the same time, in developing countries with a high degree of dollarization of the economy, it may be justified to smooth the excessive volatility of the national currency.

REFERENCES

1. Rozanova N. M. Monetary policy. Moscow Urait – 2017. – 410 p.
2. Muhamediev B. M. Inflation processes and monetary policy in the economy of Kazakhstan // Bulletin of KazNU. – Almaty 2011.
3. Nurgazina A.M, Assylova A. S. Monetary policy. – Almaty 2017.
4. The concept of development of the financial sector of the Republic of Kazakhstan until 2030.
5. www.nationalbank.kz – official web-site of the National Bank of the Republic of Kazakhstan
6. Lee V.D. Inflation targeting in the implementation of the new economic policy of Kazakhstan// Bulletin of KazNU. – Almaty 2015.

Л.А. Қуанова, «Қаржы» кафедрасының оқытушысы
әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Экономиканы ақша-несиелік реттеу құралдарының эволюциясы

Түйіндеме. Мақалада ұлттық валютаның қалыптасуы мен жиырма бес жылдан астам уақыт аралығында Қазақстандағы ақша-несиелік реттеудің даму ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, ақша-несие саясаты құралдарының дамуы елдегі экономикалық жағдайдың өзгеріп, инвестициялық климаттың жетілдіруіне байланысты болғаны көрсетіледі. Мақалада экономиканы ақша-несиелік реттеудің негізгі құралдарына және олардың уақыт динамикасына байланысты өзгеруіне ерекше көңіл бөліне-

ді. Ақша-несиелік реттеу процесі эволюциясының негізгі төрт кезеңі, қандай да бір құралды пайдаланудың алғышарттары мен себептері, Ұлттық Банкінің экономиканы реттеудегі нысандау бағытының өзгертілуі қарастырылады. Ақша-несие саясатының қалыптасу процесінің құрамдас бөлігі болып тәуелсіздікке қол жеткізу, нарықтық экономикаға өту және ұлттық валютаны айналымға шығару табылатыны ескеріледі. Бұдан басқа, еліміздің ақша-несие нарығындағы қатынастарды реттеудің құқықтық негіздері атап өтіледі.

Түйінді сөздер: ақша-несие саясаты, Ұлттық банк, инфляциялық нысаналау, ақша-несие нарығы, валюта бағамы, қайтақаржыландыру мөлшерлемесі, экономикалық өсу.

Л.А. Куанова, преподаватель кафедры «Финансы»
Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

Эволюция инструментов денежно-кредитного регулирования экономики

Аннотация. В статье рассматриваются особенности развития денежно-кредитного регулирования в Казахстане начиная с периода становления национальной валюты и на протяжении двадцати пяти лет. Отмечается, что развитие инструментов денежно-кредитной политики происходило по мере изменения экономической ситуации в стране и развития инвестиционного климата. При этом, особое внимание уделяется основным инструментам денежно-кредитного регулирования экономики и их динамики во времени. В статье рассматриваются основные четыре этапа эволюции процесса денежно-кредитного регулирования, предпосылки и причины использования того или иного инструмента, изменения направления таргетирования в регулировании экономики национальным банком страны. Отмечается, что составной частью процесса становления денежно-кредитной политики является обретение независимости, транзит экономики на рыночную и выпуск в обращение национальной валюты. Кроме того, отмечаются правовые основы регулирования отношений на денежно-кредитном рынке страны.

Ключевые слова: денежно-кредитная политика, Национальный банк, инфляционное таргетирование, денежно-кредитный рынок, курс валюты, ставка рефинансирования, экономический рост.

Д.Б. Муратова¹, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Д.А. Джунусова², экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
^{1,2} М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті,
Тараз қ., Қазақстан

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ӨТІМДІЛІГІ МЕН ТАБЫСТЫЛЫҒЫ

Түйіндеме. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы, оның қаржы ресурстарының құрылу және пайдалану үрдісін бейнелейтін көрсеткіштер жиынтығымен сипатталады.

Нарықтық экономикада кәсіпорынның қаржылық жағдайы оның қызметінің соңғы нәтижелерін бейнелейді. Кәсіпорын қызметінің соңғы нәтижелері кәсіпорынның меншік иелеріне (акционерлерге), оның әріптестеріне, салық органдарына қажет. Мұның барлығы экономикалық субъектінің қаржылық жағдайын талдаудың үлкен мәнге ие екендігін көрсетіп, экономикалық үрдісте мұндай талдаудың рөлін көтереді. Белгілі бір шешім қабылдау үшін кәсіпорынның қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуін, олардың орналасуының және пайдаланылуының тиімділігін, кәсіпорынның төлем қабілеттілігін, оның әріптестермен өзара қарым-қатынастарын талдау керек. Бұл көрсеткіштің базасы кәсіпорынды тиімді басқару үшін керек. Олардың көмегімен басшылар жоспарлау, бақылауды жүзеге асырады, өз қызметін жақсартып, бағытын жетілдіреді.

Қаржылық талдаудың негізгі мақсаты – кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы, оның пайдасы мен шығындары туралы, дебиторлар және кредиторлармен есептесудегі актив және пассив құрылымындағы өзгерістер туралы нақты, әрі объективті мәлімет беретін ақпараттық параметрлерді алу. Бұл жағдайда, бизнестің қай кезеңінде меншік иесі табыс ала алатынын және ол қандай альтернативті шығындармен байланысты екенін түсінген дұрыс.

Түйінді сөздер: кәсіпорын қаржысы, қаржылық жағдай, айналым шығындары, пайыздық үлес, өнімнің сатылымы.

Кіріспе. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын объективті бағалау үшін бөлек есептік мәліметтерден негізгі факторлардың анық қатынастары – қаржылық коэффициенттерге көшу керек. Есептемелерде қаржылық коэффициенттерді (көрсеткіштерді) қолдану бағалау пасын көтеруге және кәсіпорынның жағдайы туралы объективті тижесі шығаруға мүмкіндік береді, себебі шешім қабылдау тұрғысынан, қаржылық есептемені қолданушыларға маңызы бар

терді анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар шаруашылық жүргізу жүйесінде бизнес үшін мүмкін тәуекелдерді ескеруге мүмкіндік береді. Қаржылық коэффициенттердің үлкен артықшылығы олар есептік мәліметтерге инфляцияның әсерін трансформациялайды, мұның өзі талдаудың ұзақ мерзімді аспектісінде әсіресе туалды болып саналады [1].

Мәні – есептеме мәліметтері бойынша есептелген коэффициенттерді жалпы алынған стандарттық коэффициенттермен, орташа салалық нормалармен, кәсіпорын қызметінің нәтижелері бойынша алдыңғы жылдарда есептелеген сәйкес коэффициенттермен салыстыру.

Бірақ қаржылық коэффициенттер тек жалпы бағыт береді, олар кәсіпорынның қаржылық жағдайының өзгерісін білдіретін белгілер болып табылады. Олар әрі қарай терең талдау өткізудің бағытын анықтауға мүмкіндік береді.

Сараптамалық бөлім. Бизнесі бағалау бойынша қызмет кәсіпорынның қаржылық іс әрекеттерінің негізгі тенденцияларының талдауын қамту керек. Ол үшін түсініктемесі бар қаржылық есептемелердің және баланстың мәліметтері қолданылады. Қаржылық талдаудың нәтижелері кәсіпорынның табыстарын және шығындарын болжауға, болашақ ақша ағымдарының келтірілген құнының ставкасын анықтауға тікелей әсер етеді.

Қаржылық-шаруашылық қызметті талдау әдістемесінде көрсетілгендей: қаржылық талдаудың негізгі мақсаты – кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы, оның пайдасы мен шығындары туралы, дебиторлар және кредиторлармен есептесудегі актив және пассив құрылымындағы өзгерістер туралы нақты, әрі объективті мәлімет беретін ақпараттық параметрлерді алу. Берілген жұмыста бизнесті (кәсіпорынды) бағалау кезінде, тәуекелдер ықтималдығын да қаржылық талдаудың рөлі қарастырылады. Әрбір бизнес анық қоршаған орта шарттарында қызмет етеді. Мұнда қоршаған орта бұл тек табиғи ресурстар емес, сонымен бірге құқықтық орта, қаржылық орта, нормативті база және т.б. Анықсыздық бизнес үшін пайда көзі бола отырып, сонымен бірге кәсіпорын үшін тәуекел көзі, ен мен банкроттылық тәуекелі болып табылады. Ұсынылып отырған, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын талдаудың, көп факторлы статистикалық талдаудың әдістемесі кәсіпорынның банкроттылық жағдайын анықтауға, кәсіпорынның қаржылық жағдайының лауының негізгі себептерін анықтауға, бизнестің қоршаған ортасының жағдайын анықтайтын және кәсіпорынға банкроттылық лінің ықтималдығы бар факторларды бағалауға мүмкіндік береді. Берілген әдістеме бойынша қаржылық тәуекел бағаланады. тық кәсіпкерлік тәуекел операциялық левериджбен (тетікпен) байланысты. Операциялық леверидж – бұл пайданың өсім немесе төмендеу қарқыны мен өнімді өткізуден түскен түсімнің өсімі немесе

төмендеуінің қарқыны арасындағы тәуелділікті анықтауға мүмкіндік беретін көрсеткіш. Өнім өндірісіне жұмсалатын шығындарды айнымалы және тұрақты шығындарға бөліп қарастыруға болады [2].


Айнымалы шығындарға өнім көлемі өзгерген сайын (ұлғайған немесе азайған кезде) өзгеріп отыратын шығындарды жатқызуға болады. Оларға шикізат және материал сатып алуға жұмсалатын шығындар, энергияны тұтыну шығындары, көлік шығындары, енбекақы шығындары (енбекақы төлеудің келісімді жүйесінде) және т.б. шығындар жатады. Теориялық есептемелерде айнымалы шығындар өндірілген өнім көлеміне пропорционалды деп саналады. Тұрақты шығындарға өндірілген өнім көлеміне тәуелді болмайтын шығындарды жатқызуға болады (амортизациялық аударымдар, несие бойынша төленетін пайыздар, арендалық төлем, басқару персоналына төлемдер және басқа да әкімшілік шығындар). Айтып кететін жайт, шығындарды айнымалы және тұрақты деп бөлу бұл шартты мәселе. Осымен қоса, шығындар арасындағы айырмашылық шаруашылықты жүргізудің шығынсыздық нүктесін талдау үшін негіз болып табылады. Шығынсыздық концепциясы – өндірілген тұрақты шығындарды қайтару мақсатында қанша қызмет сату керек немесе қанша өнім бірлігін сату керектігін анықтайды. Алайда, өнім бағалары тұрақты шығындарды жабуға жеткілікті және пайда алуға болатын, айнымалы шығындарды өтейтіндей және қосымша табыс табатындай тағайындалады.

Нәтижелері және талқылаулар. Бағаланып отырған кәсіпорын «Скиф Трейд» ЖШС 1997 жылы құрылған. «SMALL» атты брендке ие компания, Қазақстан Республикасында супермаркеттер тораптарына ие.

«Скиф Трейд» ЖШС қызметінің негізгі бағыты:

- кондитерлік өнімдерді өндіру және сату;
- халықтық тұтыну тауарларын сату бойынша коммерциялық, сауда-саттық, делдалдық қызмет;
- заңмен тыйым салынбаған және кәсіпорын қызметінің негізгі міндеттеріне қайшы келмейтін өзге де коммерциялық және шаруашылық қызмет түрлерін жүзеге асыру.

Кәсіпорын шаруашылық иелігінде жеке мүлкі бар заңды тұлға болып табылады. Кәсіпорынның үлесіне Қазақстан Республикасының кондитерлік өнімдер өндірісінің жалпы көлемінің 24%-ы және қазақстандық кондитер өнімдер нарығындағы сатылым көлемінің 11%-ы келеді [3].



Сурет 1 – Сатылым көлемінің пайыздық үлесі [4]

Кәсіпорын өнімінің негізгі сатылым көлемі Қазақстан Республикасында жүзеге асады – (82%).

Қантты кондитерлік өнімдер. Өнімнің бұл түріне сатылым көлемінің ең көбі келеді. Өндірілетін қантты өнімдердің сегментіне өнімнің келесі түрлері кіреді: карамель (58%), конфеттер (28%), драже (4%), мармелад (4%), ирис (2%), зефир (2%), шоколад (1%).



Сурет 2 – Қантты өнімдер сатылымы [4]

Ұннан жасалған кондитерлік өнімдер. Бұл өнімнің сатылым көлемі орташа алғанда жалпы өткізілген өнім көлемінің 30%-ын құрайды. Кәсіпорын ұннан жасалатын өнім түрлерінен вафли, қантты және созылмалы печенье өндіреді. Ең танымалы қантты печенье болып табылады. кәсіпорынның қантты печенье ассортиментінің оннан аса түрі бар, бұл топтағы ең үлкен сұранысқа ие «Юбилейное» печеньесі.



Сурет 3 – Ұннан жасалған өнімдер сатылымы [4]

Кесте 1 – Кәсіпорынның жалпы сатып алу көлеміндегі он және одан жоғары пайыздық үлеске ие жеткізушілердің атаулары.

	Жеткізушілер атаулары	Тұрғылықты орны	Өнімдер атауы	Жалпы жеткізу көлеміндегі үлесі
Шикізат	«Кант» АҚ	ҚР, Алматы қаласы	Қант	11,2%
	«Gas Development» ЖШС	ҚР, Алматы қаласы	Қант	13,7%
	«Костанайский мелькомбинат» АҚ	ҚР, Қостанай қаласы	Ұн	15,3%
	«Народное предприятие Набережно Челнинский Картонно бумажный Комбинат» ЖАҚ	РФ, Набережный Челны қаласы	Гофротара	11,3%
Жабдықтар	«Inam Pazarlama Ticaret A.S.» фирмасы	Түркия, Измир	Экструдирленген өнімдер өндірісі желісі	15,30%
Ескерту – қолданылған әдебиет негізінде автор құрастырған [4]				

Кәсіпорынның жалпы сатып алу көлеміндегі қазақстандық шикізаттың үлесі 49,81%, ал шеттен әкелінген шикізат үлесі 46,02%-ды құрайды. Шикізат теміржол және автокөлікпен жеткізіледі.

Кесте 2 – Кәсіпорынның жалпы сатудан түскен түсімінің он және одан да жоғары пайыздық үлесіне ие тұтынушылардың атаулары

Тұтынушылар атаулары	Тұрғылықты орны	Өнімдер атауы	Жалпы тұтыну көлеміндегі үлесі
"Интер Фуд Трейд" ЖШС	ҚР, Алматы қаласы	Кондитрелік өнімдер	80%
"Русллада" АҚ	РФ, Челябинск қаласы	Кондитрелік өнімдер	13%
Ескерту – қолданылған әдебиет негізінде автор құрастырған [4]			

Сатылым көлемінен Ресей Федерациясының үлесіне 13%, Қырғызстан – 2%, Түркменстан – 3% келеді. Отандық нарықта кәсіпорын өз өнімдерін барлық ірі қалаларда өткізіледі: Астана, Алматы, Ақтөбе, Ақтау, Атырау, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Талдықорған, Тараз, Орал, Өскемен, Шымкент. Қостанай облысының аймақтық нарығында фабрика өнімдерінің 14% өткізіледі [5].

Компанияның қаржылық жоспары мынадай шешімдер үшін жүзеге асырылады:

1. Компанияның үздіксіз қызметін, техникалық және қоғамдық дамуына деген қажеттілігін қаржылық ресурстармен қамсыздандыруы;

2. Компанияның мемлекеттік бюджетке төлеу туралы жоспарлы тапсырмасының орындалуы.

Қорытынды. Кәсіпорын ең төменгі қаржылық тұрақтылыққа, кәсіпорын міндеттемелері кепілдендірілген түрде ағымдағы активтермен өтелген жағдайда қол жеткізеді және келесі шарттың орындалуы осы тұрақтылықтың белгісі болып табылады: ағымдағы және ұзақ мерзімді активтер қатынасының коэффициенті қарыз капиталы мен меншікті капитал қатынасының коэффициентінен артық болуы керек. Біздің талданып отырған кәсіпорынның жағдайында қаржылық тұрақтылық орын алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Управление рисками в инновационно-инвестиционной деятельности предприятия: Учебное пособие / Балдин К.В. – М.: Дашков и К, 2013. – 420 б.

2. Новиков А.И. Теория принятия решений и управление рисками в финансовой и налоговой сферах: Учебное пособие / Новиков А.И. – М.: Дашков и К, 2012. – 288 б.

3. Плошкин В.В. Оценка и управление рисками на предприятиях: Учебное пособие / Плошкин В.В. – Ст. Оскол: ТНТ, 2013. – 448 б.

4. Блог Б. Лутца. Электронный ресурс. Режим доступа: <http://fastlane.gmblogs.com>.

5. Основные инструменты PR. Электронный ресурс. Режим доступа: <http://media.ls.urfu.ru/456/1154/2392/2303/>

Д.Б. Муратова¹, кандидат экономических наук, доцент

Д.А. Джунусова², кандидат экономических наук, доцент

^{1,2} Таразский Государственный Университет имени М.Х. Дулати,
г. Тараз, Казахстан

Эффективность и доходность финансового состояния предприятий

Аннотация. Финансовое состояние предприятия характеризуется совокупностью показателей, отражающих процесс формирования и использования его финансовых ресурсов.

В рыночной экономике финансовое состояние предприятия отражает конечные результаты его деятельности. Окончательные результаты деятельности предприятия требуются владельцам предприятия (акционерам), его партнерам, налоговым органам. Все это подчеркивает важность анализа финансового положения хозяйствующего субъекта, что повышает роль такого анализа в экономическом процессе. Для принятия решения необходимо проанализировать финансовые ресурсы предприятия, эффективность их размещения и использования, платежеспособность предприятия и его взаимоотношения с партнерами. Основой для этого показателя является эффективное управление предприятием. С их помощью менеджеры планируют, контролируют, улучшают свой бизнес и улучшают свою ориентацию.

Основной целью финансового анализа является получение информации о финансовом состоянии предприятия, его прибылях и убытках, точной и объективной информации об изменениях в структуре активов и пассивов дебиторской задолженности и кредиторов. В этом случае важно понять, на каком этапе бизнеса владелец может заработать и что это связано с альтернативными затратами.

Ключевые слова: финансы предприятия, финансовое состояние, расходы по реализации, доля в процентах, реализации продукции.

D.B. Muratova¹, candidate of economic sciences, associate professor
D.A. Dzhunusova², candidate of economic sciences, associate professor
^{1,2} Taraz state University named after M. Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

Effectiveness and deficit of financial condition of enterprises

Abstract. The financial condition of the company is characterized by a set of indicators reflecting the process of formation and use of its financial resources.

In a market economy, the financial condition of an enterprise reflects the final results of its activity. The final results of the enterprise are required by the owners of the enterprise (shareholders), its partners, tax authorities. All this underlines the importance of analyzing the financial situation of an economic entity, which enhances the role of such an analysis in the economic process. To make a decision, it is necessary to analyze the financial resources of the enterprise, the efficiency of their placement and use, the solvency of the enterprise and its relationship with partners. The basis for this indicator is the effective management of the enterprise. With their help, managers plan, control, improve their business and improve their orientation.

The main purpose of financial analysis is to obtain information on the financial condition of the company, its profits and losses, accurate and objective information about changes in the structure of assets and liabilities of receivables and creditors. In this case, it is important to understand at what stage of the business the owner can earn and that this is associated with opportunity costs.

Keywords: financial institution, financial position, realizations, realizations, realizations of products.

МРНТИ 06.01.11

ИННОВАЦИОННО-УПРАВЛЕНЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ИННОВАЦИОННО-УПРАВЛЕНЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ

С.Ж. Пралиева¹, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
С.Н. Изеев², экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
^{1,2} «Тұран» Университеті» мекемесі, Алматы қ., Қазақстан

Түйіндеме. ХХІ ғасырдағы экономикалық өсім неоклассикалық ағымның өкілдері қалыптастырған экономикалық принциптерге арқа сүйеді. Олардың көзқарастарына сәйкес экономикалық өсімнің қайнар-көзі инновация құбылысы болып табылады. Ол адамзат баласының әлеуметтік және экономикалық өміріне сапалы түрде жаңа тауарлар мен қызметтерді, бизнесті жүзеге асырудың түрлерін, басқарудың түрлерін және т.б. еңгізеді.

Инновацияларды жүйелі түрде еңгізуге негізделген экономикалық өсімнің жаңа концепциясы сынақтан сәтті түрде индустриалды дамыған елдерде өтті және өзінің сәттілігін жаңа индустриалды елдердің тәжірибесінде көрсету үстінде.

Берілген мақалада инновациялық үрдістерді басқару бойынша шет елді тәжірибе қарастырылған. Қазіргі кездегі мемлекеттік дамудың заманауи деңгейі өнеркәсіптік өндірістің бәсекеге қабілеттілігін анықтауға жаңа талаптар қоя бастады. Өндеуші саланы дамытатын және өндіріс саласының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылататын, тұтыну нарығында бәсекеге қабілетті болатын өнімдерді әрдайым еңгізіп тұру қажеттілігі туындады. Бұл үрдіс-инновациялық өнім шығару мен қызмет түрлерін ұсыну мақсатында, ғылыми ұйымдар мен өндірістік кәсіпорындар арасында қарым-қатынасты ұйымдастыруды және болашақта стратегиялық жоспарлауды қажет етеді.

Түйінді сөздер: инновациялар, ұлттық инновациялық жүйе, ғылыми-техникалық даму, инновациялық инфрақұрылым, мемлекеттік инновациялық саясат, инновациялық кәсіпкерлік.

Кіріспе. Жалпы, еуропалық, америкалық дамыған елдермен қоса азиялық дамыған елдер тәжірибесіне назар салсаңыз, олардың әрқайсысы әлемдік нарықты бағындыруда өз жолымен жүрсе де барлығына ортақ, индустриалдық-инновациялық үрдістердің тереңде жатқан сырын ашатын сәттер бар екенін көреміз. Әр елдің өзінің

индустриальдық саясатына тән ерекшеліктер болуы заңды десек те, бұл саясат екі негізгі категорияға – өнеркәсіпті мемлекет тарапынан реттеу мен қолдауға келіп тіреледі. Мемлекеттің тікелей араласу әдісі әдетте көп шығынды талап етеді.

Қандай бір үлкен істі болса да қолға аларда өзгелердің үлгісінен үйренген тезірек оң нәтижеге қол жеткізудің бірден-бір таптырмас жолы болып табылады. Осы тұрғыдан өткен күн тәжірибесіне көз салғанда Еуропадағы орта ғасырларда орын алған «өнеркәсіптік төңкерістен» бастау алған әлемдегі ғылыми-техникалық прогресс соңғы ғасырда, әсіресе соңғы жарты ғасырда жаңа сатыға көтерілді деуге болады. Осы кезеңде әлемдік экономика жаһандануға толық бет бұрды. Бұл өз кезегінде бәсекелестікті мүлде күшейтіп жіберді. Бәсекелестікке төтеп беру үшін өнеркәсіп алпауыттары жаһандану үрдісіне жылдамдата енуге мәжбүр. Жаһандану дәуірінде экономиканың қозғаушы күші – ғылыми-техникалық прогресс те ғылым мен техникадағы, технология мен инфрақұрылымдағы жаңашылдықтың, басқаша айтқанда инновацияның деңгейіне, оның жетістіктерін қолдана білуге тікелей байланысты болып отыр. Сол себепті дамыған елдер бұл бағытқа бөлінер қаржыны жылдан-жылға көбейтіп келеді.

Сараптамалық бөлім. Дүниежүзіндегі ең ірі экономикалық держава АҚШ-тың өзі жекеменшік сектордың қаржысына федералдық бюджеттен қосымша қомақты қаржы бөледі. Бөлінген қаржыны игере алатын инфрақұрылымдар да өте жақсы дамыған. Негізгі іргелі ғылыми күштер шоғырланған университеттер мен әскери, азаматтық фирмалардың арасында тығыз байланыс орнатылған, олар бірімен бірі барынша қанағаттандыру бағытында түзілсе, өнеркәсіптік концерндердің өз ғылыми-зерттеу лабораториялары жұмыс істейді. АҚШ үкіметі ғылым мен техниканың басым бағыттарын тікелей қаржыландырып, бақылауда ұстап отырады. Фирмалар негізінен жақын арада табыс табуды ойлайтын болғандықтан үкімет іргелі ғылымды қаржыландыруды да өз мойнына алған. АҚШ-та 90-ға жуық ғылыми-техникалық арнайы аймақ бар, соның бірі Силикон жазығының өзінде ғана әлемдік компьютерлер мен есептегіш машиналардың 20 пайызы жасап шығарылады. Үкімет болашақта ғылыми сыйымдылығы мол өндіріске басымдық беретін 1 мыңнан аса еркін экономикалық аймақ құруды жоспарлап отыр.

Германияда 50-ден астам, Голландияда – 45, Англияда 30 технопарк бар. АҚШ пен Еуропада инновациялық салада жұмыс істеп жатқан қызметкерлер саны соңғы жылдары 2 есе өссе, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде ол 3-4 есе өсті. Қытай да мұндай экономикалық аймақтарды дамытуға ақшаны аямай жұмсап отыр [1].

Азия елдерінің ішінде Жапонияның тәжірибесі айрықша көңіл аударарлық. Өзінің іргелі ғылымы дамымаған ел өткен ғасырда,

әсіресе екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары шетелдік дайын технологияны трансферттеу ісін өте жақсы жолға қойды. Соның арқасында жапондар ғылыми зерттеулерге кететін шығындарды үнемдеді, өндіріске жаңа техника мен технологияны ендіру мерзімін мүмкіндігінше қысқарта білді. Екінші жағынан өте көп шығынды талап ететін қорғаныс саласына қаржы бөлмегендіктен жапондық банктер өте төмен деңгейде өндіріске несие бөлу мүмкіндігіне ие болды, ол өз кезегінде өнеркәсіптің тез аяққа тұруына себепші болды. Жапонияда әсіресе «бентя-бизнес» немесе «тәуекелшіл кәсіп» қатты дамыды. Оның ерекшелігі жапон бизнесінің тапқан табысының бір бөлігін жаңа бағыттағы, пайда әкелуіне ешкім кепілдік бере алмайтын салаларды дамытуға тоқтаусыз жұмсап отырғандығында. Нәтижесінде жаңа фирма, жаңа тауар ғана пайда болмайды, ең бастысы жаңа мамандар, кадрлар өсіп, жетіледі. Қаржыны «өндірістен – өндіріске» деген ұстаныммен жұмыс істейтін жапон ұстанымының негізінен «ғылымнан – өндіріске» дейтін батыстық бизнес ұстанымынан басты айырмашылығы осында. Бизнесі бұлай жүргізу шағын және орта бизнестің тез арада қатты өркендеуіне, нарық талабына бейімделгіш, икемшіл болып қалыптасуына қажетті жағдай жасады.

Дамыған елдерде ҒЗТКЖ бөлінетін шығынның басты бөлігі жекеменшік сектордың үлесіне тиеді. Еуропалық Одақта ҒЗТКЖ келісім-шарттар түзерде шығынның 50%-ы бюджеттен қаржыландырылады, қалғаны – нәтижеге жетуге мүдделі компаниялардың есебінен [2].

Жапонияда бұл бағыттағы жалпы шығынның 20%-ы мемлекет мойнында, қалғанын жеке меншік сектор көтереді. 1970-жылдардың басында экономикалық өрлеу жайлы ұлттық деңгейде арнайы бағдарлама қабылдаған Оңтүстік Корея мемлекетінде ірі компаниялардың ғылыми-техникалық бағытта жұмыс істейтін шағын компанияларды құруы және дамытуы жапон елінің табысынан да асып түсті. Бұндай шағын кәсіпорындар мемлекеттік бюджеттің ең үлкен тұтынушылары ғана болып қойған жоқ, оларды оған қоса ірі компаниялар да өте белсенді түрде қаржыландырып отырды.

Мысалы, бір ғана 1989 жылы «Самсунг» компаниясы зерттеу мен әзірлеме жұмыстарына 900 млн. доллар, ал «Хюндай» компаниясы 600 млн. доллар қаржы жұмсады. Ал, сол «Самсунг» компаниясы 2007 жылдан 2012 жыл арасында 45,835 млрд. доллар жұмсамақшы. «Сименс» бұл мақсатқа осы аралықта 6,5 млрд. доллар, «Майкрософт» – 5,8 млрд. доллар, «Матушита Электрик» – 5,6 млрд. доллар, «Сони» – 4,7 млрд. доллар құймақшы [3]. Инновациялық саясаттың қағидаттарын жүзеге асыруда бүкіл мемлекет деңгейінде, сондай-ақ аймақтық деңгейде шешілетін мәселелер бірлігін ұмытпау қажет. Бұл жерде мемлекеттің рөлінің өте жоғары

екенін айтып өтуге тиіспіз. Өркениетті елдер ғылыми-техникалық саясатқа ерекше назар аударып, мемлекет тарапынан қомақты қаражат бөлуде. Мысалы, Қытайдың «бір академия, екі жүйе» қағида-сымен қайта құрылған Ғылым академиясында академиялық зерттеулер коммерциялық табыспен бірлескен жағдайда жүзеге асады. Бұл елде ғылыми-зерттеу институттары негізінде жұмыс істейтін фирмалар мен корпорациялар өте көп.

Жапония секілді ғылым мен техниканы дамытудан басқа жолы болмаған Оңтүстік Корея елі де өзге елдердің ғылыми жетістіктерін пайдалану арқылы алға қарай үлкен секіріс жасады [4]. Ғылым мен техниканы экономикалық дамудың басты құралы деп санаған бұл елде 1991 жылдың өзінде ғылыми-зерттеулерге бөлінетін қаржы елдің ІЖӨ-нің 2 пайызын құрап, 5,5 млрд. АҚШ долларына, 2001 жылы 5 пайызға жеткен. Корея университеттерінде іргелі ғылымға үлкен көңіл бөлінсе, жекеменшік мекемелер мен кәсіпорындар қайтарымы тез жобалармен айналысады. Мемлекет қаржысы негізінде жұмыс істейтін, жекеменшік кәсіпорындардың қаржысы жетпейтін және тәуекелшілдігі жоғары, басқаша сөзбен айтқанда венчурлық жобаларды жүзеге асырумен айналысатын институттар осы екі тарапты жалғастыратын көпір рөлін атқарады. Корея үкіметі сондай-ақ 1982 жылдан бастап өндірісті дамыту үшін аса қажет, бірақ мемлекеттің қатысуынсыз өндіріс орындарының өз күші аздық ететін жалпыұлттық деңгейдегі ғылыми жобалар мен зерттеулерді іске асыруды қолға алып келеді [5].

Нәтижелері және талқылаулар. Негізі, инновациялық қызметтің әлемдегі бүгінгі таңдағы жағдайы сөз болғанда ең бірінші кезекте табиғи қазба байлығы мол елдер мен ондай байлығы өте аз елдердің тәжірибесіне назар аударған пайдалы болмақ. Бұл тұрғыдан келгенде Австралия мемлекеті де Қазақстан тәрізді экономикасы шикізат экспортына тәуелді елдердің қатарына жатады. Бұл елде қабылданған мемлекеттік бағдарламаға сәйкес қандай бір шетелдік компания Австралияда өз өнімін сатқысы келсе, онда бұл компанияның экспорты мен импортының арақатынасы тепе-тең болуы тиіс.

Екінші жағынан табиғи қазба байлықтың аз болуы елдің экономикалық дамуына кедергі бола алмайтынын әлемдік үлгі айқын көрсетіп отыр. Керісінше, бұл елдер минералдық ресурстар тапшылығының орнын жаңа, озық техникамен, жоғары мен толтыруда. Бұндай елдер мол қазба байлыққа ие елдермен лыстырған орташа есеппен 3 есе жылдам экономикалық даму деңгейіне қол жеткізуде. Мысалы, 1970 жыл мен 1993 жылдар арасында Египет, Оңтүстік Корея, Тайвань, Индонезия, Филиппины, зия тәрізді 20 кедей елде жан басына шаққандағы дамудың өсімі 2-3,7% құраса, Аргентина, Бразилия, Сауд Арабиясы секілді 65 минералдық ресурстарға бай елдерде бұл көрсеткіш 0,2-1,3% ғана құра-

ды. Жоғарыда аты аталған дамушы елдер ғылыми-техникалық прогресстің мүмкіндігін толығымен қолдана, пайдалана білудің арқасында бүгінгі таңда әлемдік нарықта өз орнын тапқан елдердің қатарына кірді [5].

Әлемдік тәжірибе сондай-ақ инновациялық қызметтің дамуы іргелі және қолданбалы ғылымның жағдайына, ғылыми-техникалық жаңалықтардың тұтынушылық қажеттігінің деңгейіне тікелей байланысты екенін көрсетіп отыр. Мемлекеттің ғылыми-техникалық прогреске деген көзқарасын инновациялық сфераны қаржыландыру көлемі айқын сипаттап бере алады. Осы жерде Еуроодақтың өзіне мүше елдерге ғылымға құяр қаржыны ІЖӨ-нің 2,5% жеткізуді ұсынатынын атап кету керек. АҚШ пен Жапонияда еуропалық елдердей емес, негізінен көптеген салалардың тірегі болып табылатын жұмыстарды дамытуға басымдық беріліп отырады. Бұндай әдіс қаржыны шашыратпайды, соның арқасында салыстырмалы қысқа мерзім ішінде үлкен нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ғылыми-техникалық прогреске инвестиция құюдың қаншалықты маңызды екенін Оңтүстік-Шығыс Азия және Латын Америкасы елдерінің даму қарқынын салыстырып-ақ көруге болады. Латын Америкасы елдерінде 2002 жылы ғылымға бөлінен қаржы ІЖӨ-нің 1%-ға жетпейді. Соның салдарынан бұл елдерде өндіріс кенжелеп қалған. Ал, Оңтүстік-Шығыс Азияның біраз елдері Ғылыми-Зерттеу және Тәжірибелік-Конструкторлық Жұмыстарды (ҒЗТКЖ) ынталандыруды көздеген мемлекеттің саясаты нәтижесінде ғылымға ІЖӨ-нің 2%-дан астамын құюға мүмкіндік алды. Соның нәтижесінде жоғарыда айтылған Малайзия әлемдік нарықта микропроцессорлардың, Сингапур компьютерлік бағдарламалар мен биотехнологияның, Тайвань дербес компьютерлер өндірісінің, Оңтүстік Корея тұрмыстық техниканың «кетігін» немесе «қуысын» тауып, мығым жайғасып алды [6].

Шет елдерде Ұлттық инновациялық жүйе (ҰИЖ) ғылыми сыйымдылығы мол өнімдер нарығын есепке ала отырып жасалады. ҰИЖ негізін іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізумен айналысатын мемлекеттік, қоғамдық құрылымдар құрайды. Әр елде оның өзіндік ерекшеліктері бар. Технологиясы дамыған елдерде инновациялық-белсенді кәсіпорындар 60-70% құраса, АҚШ, Франция, Жапония, Германия секілді елдерде бұл көрсеткіш 75-85% жетеді. Ғылыми сыйымдылығы мол өнімдер ірі және шағын кәсіпорындарда өндіріледі. Әлемдік тәжірибе нарықтағы технологияға деген сұранысты шағын инновациялық компаниялар анықтайтынын көрсетіп отыр. Олар технологияларды ірі компанияларға беріп отырады, бұл ынтымақтастықтың екі жаққа бірдей тиімді түрі болып табылады.

Экономикалық ынталандыру мәселесінде шетелдерде негізінен

үш әдіс кең қолданылады: салықтық ынталандыру, амортизациялық саясат және жаңа өнім шығарушы компанияларға берілер бюджеттік дотациялар.

Салықтық жеңілдіктер қолайлы инновациялық климат қалыптастыруды ынталандырудың ең көп тараған түрі. Германияда, мысалы ғылымға бөлінген бюджеттік қаржының салықтық жеңілдіктердің жиынтығына бөлгендегі қатынасы бұдан 15 жыл бұрын 15-ке тең болса, қазір 2,4-ке түсті.

АҚШ-та болса салықтық жеңілдіктің 100-ден астам түрі бар. Ең бастысы, олар нақты инновацияны марапаттайды. Фирмалардың инновацияға құйған қаржысы мен салық түрінде алынбаған қаржының көлемі шамалас. Және батыстық ынталандырудың басты ұстанымы – жеңілдіктердің ғылыми ұйымдарға емес, инвесторлар мен кәсіпорындарға берілуі. Оған бәсекелестік қосылып, инновация мен зерттеу ісіне үлкен сұраныс туғызады. Жеңілдіктердің мазмұны мен формасын мезгіл-мезгіл қайта қарап отыру мемлекетке инновациялық белсенділікті басым бағыттарда ұстап отыруға ғана мүмкіндік беріп қоймайды, инновациялық ұйымдардың құрылымы мен қызметкер санына әсер еткізіп қоймайды, ең бастысы өндірістің құрылымына әсер етуге мүмкіндік береді. Кебір елдерде ынталандыру көлемі инвестициядан да асып түсетін жағдай кездесіп жатады. Мысалы, Австралияда салық жеңілдіктері 150 пайызға, Бельгияда 110 пайызға тең. АҚШ, Канада, Франция, Жапония секілді ірі мемлекеттерде инновацияға жұмсалар шығын салықтан 100 пайыз босатылады. Германияның тәжірибесінде 400 000 евро көлемінде 20 жылға берілетін несие және одан алғашқы 3 жылда пайыз төленбейді, төртінші жылда – 2, бесінші жылда – 3, алтыншы жылдан бастап – 5 үстемемен төлейді [6].

Соңғы онжылдықтарда дамыған елдерде құрал-жабдықтар мен технологияның пайдалану мерзімінің шегін қысқартатын нормативтік шектеулер қойыла бастады. Олар әрі өндірушілер үшін ғана емес, жекелеген жағдайда тұтынушылар үшін қолданылады. Бұндай бейсалықтық әдістерді амортизациялық саясаттың бір бөлігі деп қарастыру қабылданған. Мысалы, Германия мен Италияда автокөліктерді 6 жылдан, фреоны бар мұздатқыштарды белігілі бір мерзімнен соң соң ары қарай пайдалануға тыйым салынған.

Тікелей бюджеттік дотациялар жаңа өнім шығаратын кәсіпорындарға, немесе сол өнімді пайдаланушыларға бөлінеді. Көбінесе бұндай дотациялар мемлекеттік қажеттілік үшін жіберілетін тауарлармен байланысты. Атап айтқанда, АҚШ-та болашағы бар ҒЗТКЖ өткізуге бөлінген дотация көлемі мемлекеттік тапсырыстың 15 пайызына дейін жетеді. Бельгияда технология трансферттеуге жұмсалар қаржы ғылыми-техникалық институттар мен университеттер арқылы бөлінеді. Еуропалық Одақ инновациялық орталықтар, инновациялық жүйенің ақпараттық бағдарламаларын жасау

үшін 4 жылға 363 млн.евро бөлуді жоспарлап отыр. Германияда технология трансферті бюджеттік қаржыны жеке бизнеспен бірге инновациялық компаниялар құруға университеттер арқылы пайдалануға мүмкіндік беру жолымен ынталандырылады.

Қорытынды. Мақаланы қорытындылай келе мынадай түйін жасауға болады.

Қазіргі кездегі мемлекеттік дамудың заманауи деңгейі өнеркәсіптік өндірістің бәсекеге қабілеттілігін анықтауға жаңа талаптар қоя бастады. Өндеуші саланы дамытатын және өндіріс саласының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылататын, тұтыну нарығында бәсекеге қабілетті болатын өнімдерді әрдайым енгізіп тұру қажеттілігі туындады. Бұл үрдіс-инновациялық өнім шығару мен қызмет түрлерін ұсыну мақсатында, ғылыми ұйымдар мен өндірістік кәсіпорындар арасында қарым-қатынасты ұйымдастыруды және болашақта стратегиялық жоспарлауды қажет етеді.

Инновациялық кәсіпкерлікте негізінен екі мақсат болады: біріншісі – инновациялық болып табылатын тауар немесе қызметті жасау, соңғысы – инновацияны таратудан жоғарғы таза пайда алу. Инновациялық қызмет субъектілерінің соңғы мақсатқа жетуі жүзеге асырылған қызметінен пайда табу және шаруашылық қызмет аясының дамуына нақты ғылыми-техникалық салым салу.

Сонымен инновациялық қызмет кәсіпкерлік қызмет бола отырып, жоғары тәуекел, капиталсыйымдылық, инновацияны жасау және жүзеге асыруға бағытталу секілді арнайы сипаттайтын белгілерге ие.

Инновация ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі ретінде анықталғандықтан, бұл түсініктерді де қарастыруымыз қажет. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңының 1-бабына сәйкес ғылыми-техникалық қызмет – технологиялық, инженерлік, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық және өзге проблемаларды шешу үшін жаңа білім алуға және оны қолдануға, ғылымның, техниканың және өндірістің біртұтас жүйе ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған қызмет

Біріншіден, әлемдік экономиканың даму факторларының ішінде инновацияның алар орнының айрықша екендігі, бейнелеп айтқанда басқа факторлардың бәрінің жиылып бір төбе, инновацияның бір төбе екендігі бүгінгі таңда әбден мойындалған факт. Бәсекеге қабілеттілік экономикалық дамудың ең шешуші рөлі болып отырған жаһандану дәуірінде өркениет көшіне ілісемін деген елдер үшін инновациялық жолға балама жоқ екендігі осыдан келіп шығады.

Екіншіден, бұл құбылыстың маңызын түсінген елдердің қатары жыл санап артып келе жатқандығы және инновациялық экономиканы таңдаған әр елдің оны өз халқының табиғи

ерекшеліктерін ескере отырып қолданып, әрі инновациялық жолды байытып, дамытып отырғандығы, әрі өздерінің де бәсекеге қабілеттігін күшейту арқылы экономикасы тұрақты дамып келе жатқан елдер қатарынан орын алып отырғандығын да атап кетпесе болмайды.

Үшіншіден, инновациялық қызметті басқару тетіктерінің әрқашан дамуға бейім жанды организм ретінде түрлерінің сан-алуан және молдығы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Наумов А.Ф. Инновационная деятельность предприятия: Учебник. Гриф МО РФ: моногр. / Наумов А.Ф. – М.: ИНФРА-М, 2017. – 290 б.
- 2 Тахтаева Р. Индустриально-инновационное развитие промышленных предприятий РК: моногр. / Тахтаева Р., Зиядин С. Шаяхметова Л. – М.: LAP Lambert Academic Publishing, 2013. – 108 с.
- 3 Бектурганов Н. Инновация инновации рознь // Литер. –15.03.2012.
- 4 Тажибаева Ж.О. Инновациялық кәсіпкерліктің даму факторлары мен ерекшеліктері. – 2012.
- 5 Жылжақсынова Ш.П. Инновациялық дамудың әлемдік тәжірибесі // ҚазЭУ хабаршысы, 2010. – № 4. – 127-130 б.
